

Әр сала жоғары жауапкершілікті талап етеді

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Ардақ Смайыловтың төрағалығымен әкімдік отырыс өз мәресіне жетті. Ең бірінші қаралған мәселе - ауданымыздағы жолдарды қыс мезгілінде күтіп ұстау мәселесі. Аталған сұрақ бойынша ақпаратты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын

ең бастысы, сапалы атқарылуы маңызды. Халықтан сын айтылғанға дейін жағдайды ушықтырудың қажеті жоқ, тез арада жолдарды тазарту бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі абзал. Сондай-ақ, төтенше жағдайлар қызметінің ескертулеріне мән бермей, жолға шығып, ауа-райының қолайсыздығына қарамастан өмірі

Макинск қаласының әкімдеріне келесі тапсырмалар берілді: қарды тазалау және шығару ақпаратты мемлекеттік бөлімге жедел түрде ұсыну; елді мекендерге баратын жолдар мен кірме жолдарды, сондай-ақ тіршілікті қамтамасыз ету және әлеуметтік нысандарды, тұрғын үйлер мен сумен жабдықтау көздерін уақытылы қардан тазалауды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау; қар құрсауында және қиын ауа райы жағдайында зардап шеккендерге көмек көрсету үшін жылу пункттерін дайындау, оларды азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету; жанар-жағармайдың және инертті материалдардың қажетті қорын жасау, оларды сақтау орындарын анықтау; денсаулық сақтау объектілерінің халыққа уақытылы жедел медициналық көмек көрсетуге дайындығын қамтамасыз ету, оның ішінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қолжетімділігін тексеру, қосымша төсек-орындарды құру; аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінде, ауылдық округтер мен Макинск қаласының әкімдеріне қыс мезгілінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында әлеуметтік желілер арқылы халықты ескерту, қарлы боран, қар жаууы және басқа да төтенше жағдайлар туралы хабардар етуді ұйымдастыру.

Жиын барысында күн тәртібіне сәйкес аудандағы қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау айлығының қорытындысы талқыланып, ол туралы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Лариса Гейнц мәлім етті. Ауылдық округтер мен Макинск қаласының әкімдері, мемлекеттік органдардың, барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшылары халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бойынша жұмысты жалғастыруға тиісті деген міндет жүктелді.

Сондай-ақ, аудан активі өзекті болып саналатын – алдағы 2025 жылғы егіс науқанына дайындық мәселесін талқылады. Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Қабдулов бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар етті. Ардақ Дулатұлы атап өткендей, егін егу науқанына дайындық шаралары осы кезден бастап пысықталғаны дұрыс, өйткені аталмыш жұмыс жүйелі көзқарасты қажет етеді. Сапалы өнім өсіру үшін терең білім, жақсы тәжірибелік дағдылар, талдау және жаңа технологияларды енгізу қажет. Егін егу кезеңі басталмас бұрын ауқымды жұмыс атқарылуы қажет. Ауыл шаруашылығы - үздіксіз қозғалыстағы механизм. Бір жұмыс өз мәресіне жетті дегенше, келесі жұмыстарға дайындық басталады. Ауылдық округтердің әкімдеріне

2025 жылғы көктемгі және күзгі дала жұмыстарына арзандатылған дизельдік отынның көлемін қалыптастыруға өтінімдерді gosagro.kz порталына жолдау жөнінде шаруа қожалықтарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Сондай-ақ, тұқым даярлау мәселесіне де үлкен көңіл бөлінуі керек деп баса айтты аудан басшысы.

А. АМАНЖОЛОВА.



үй инспекциясы бөлімінің басшысы Асылбек Есімов баяндады. Бөлім басшысы атап өткендей, қыс мезгілінде жолдарды күтіп ұстау жұмыстары жоспарға сәйкес және мердігермен келісім негізінде жүргізілуде. Бюджеттен қаражат бөлінді, мердігер керекті техникамен жабдықталған. Баяндаманы талқыға салған аудан басшысы қысқы жолдарды күтіп ұстау мәселесінің өзектілігіне жиынға қатысушылардың назарын аударды. Аудан басшысы атап өткендей, барлық жұмыстар дер кезінде,

мен денсаулығына қауіп төндіретін жерлеріміздің де әрекеттеріне назар аудару керек. Ескерту хабарламаларына қарамастан, қолайсыз ауа-райында жолға шығып кеткен жолаушыларды құтқару үшін арнайы техника мен қызметкерлер жұмылдырылады, кейде құтқару жұмыстары қиын жағдайда өтетіні жасырын емес. Сондықтан түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, адамдарды кейінге қалдыруға болатын сапарлардан бас тартуға көндіру маңызды. Жиында ауылдық округтер мен

Выписка из Указа Президента РК

Указом Президента Республики Казахстан от 21.11.2024 года № 711 Циммерман Наталья Анатольевна – многодетная мать, награждена подвеской «Күміс алқа».

Указом Президента Республики Казахстан от 21.11.2024 года № 711 Зубарева Светлана Алексеевна – многодетная мать, награждена подвеской «Күміс алқа».

Указом Президента Республики Казахстан от 21.10.2024 года № 679 Тайлакова Жанар Екпиновна – многодетная мать, награждена подвеской «Күміс алқа».

Указом Президента Республики Казахстан от 21.10.2024 года № 679 Солтан Сайрангул – многодетная мать, награждена подвеской «Күміс алқа».

Жетістіктер – нәтиже, міндеттер – алдағы мақсат

1993 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңы қабылданып, оған сәйкес жергілікті атқарушы органдарға әкімшілік басшылары, ал өкілді органдарға – мәслихаттар - депутаттар жиналыстары ұсынылды. Республика бойынша облыстық, аудандық және қалалық мәслихаттар-жиналыстарына сайлау тағайындалды. Сайлау 1994 жылы 7 наурыз күні өткізілді.

Атаулы күн - Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай аудандық мәслихат құрметті қонақтардың басын қосып, жарқын және салтанатты іс-шара ұйымдастырды. Мерекелік шараға барлық шақырылымдардың депутаттары, мәслихаттардың ардагерлері мен зейнеткерлері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ облыстық мәслихаттың депутаттары қатысты. Іс-шараның салтанатты бөлігін

аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Сексенов ашып, өз сөзінде мерейлі күннің бүкіл ел үшін маңыздылығына тоқталып, азаматтардың өзекті мәселелерін шешуде жергілікті деңгейдегі мәслихаттар жұмысының маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасары Кенжебике Исмағамбетова мерекелерін құттықтап, атқарылған істер мен жасалған жұмыс үшін алғысын білдіріп, алдағы жұмыста сәттілік пен жеміс тіледі.

Іс-шара қызықты әрі тартымды мәдени бағдарламамен сүйемелденді. Қонақтар кәсіби әртістердің, жергілікті таланттардың орындауындағы жарқын би нөмірлері мен әдемі әндерін тамашалады. Мерекелік атмосферадан шабыттанған қатысушылар өнерді ғана емес, әріптестерімен, ардагерлерімен және достарымен кездесуге мүмкіндік алған әсерлі сәттерді де тамашалай алды.

Мерейтойдың маңызды бөлігі

марапаттау рәсіміне арналды. Барлық шақырылымдардың депутаттары, мәслихат ардагерлері мен мәслихат аппаратының қызметкерлеріне мерейтойлық медальдар тағылды.

Сонымен қатар, ауданның түрлі құрылымдарының басшылары өңірдің өміріне белсенді қатысқаны және жергілікті биліктің бастамаларын іске асыруда қолдау көрсеткені үшін мәслихат төрағасының атынан Алғыс хаттарымен марапатталды.

жалғасы 3 бетте.



Ұлттық өнерді ұлықтаған отбасы

Бесігінде талай текті тербеліп, құт қонған Бұланды топырағы қай кезде де өз асылдарын түлетіп, томағаларын сыпырып келеді. Алдыңғы буынның ізін басқан жас толқын да жасындай жарқылдап, үлкен үміт сыйлауда. Сондай жастардың бірі, бірегейі – Нұрғиса Елешұлы. Нұрғиса жастайынан айтыс, жазба поэзиямен қатар дәстүрлі әншілік өнерді қатар алып келе жатқан талант. Нұрғиса жайлы сөз қозғауға себеп болған жақында ғана Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында Ерік Асқаров атындағы облыстық ақындар мектебінің 5 жылдығына орай «Толқыннан толқын туады» атты аймақтық оқушылар айтысы. Бес облыстың кіл мықтылары қатысқан сөз бәйгесінде аудан абыройын арқалаған Нұрғиса жүлделі 3-орынды еншіледі. Оның алдында ғана Нұрғиса Ақмола мен Павлодар облыстарының арасында өткен командалық айтыстан оралған еді. Бұл айтысқа Нұрғиса Ақмола облысының командасын таныстырушы болып барды. Жалпы Нұрғисаның бұған дейін жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Алматы қаласында өткен республикалық оқушылар айтысында екі рет 2-орын, Қызылорда қаласында

өткен ақындар айтысында 1-орын, Павлодар қаласында өткен айтыста Бас жүлде, Астана қаласында өткен республикалық айтыста екі рет 1-орын иеленді. Халықаралық «Жұлдыздар жарқырайды» атты ән байқауында Бас жүлде еншіледі. Бұл Нұрғисаның аудандық, облыстық жүлделерін қоспай қысқа қайырған түріміз. Нұрғисаны «Бұланды назы» ансамблінің әншісі, жеке дәстүрлі әндердің орындаушысы ретінде жақсы танимыз.

Нұрғисаның өмірдегі әкесі, өнердегі ұстазы Елеш Хавылханұлының есімі де көпшілікке етене таныс. Елеш Хавылханұлының бір кездері айтыста атой салған ақындығы былай тұрсын, «Қисық кітап» әзіл-ысқақ театрын құрып астарлы әзілдерімен елді елең еткізіп еді. Кейін айтыс ақындар үйірмесін ашып, жас ақындарды тәрбиеледі. Шәкірттерінің алды үлкен сахналарда жүр. «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы», Республикалық «Әкелер қауымдастығы» одағының «Қамқор



әке» медалдарымен марапатталған. Әлі күнге дейін шәкірт тәрбиелеп, төл өнерімізді, ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпаққа насихаттап келеді. Бабадан мирас болған асыл өнерімізді көздің қарашығындай қорғап, қолдап келе жатқан Елеш Хавылханұлының отбасы қандай құрметке болсын лайықты.

З. ЖАЙНАРБЕК.



Шахмат – жүйрік ойдың жемісі

Ақыл-ой спорты саналатын шахматтан Бұланды ауданының ашық біріншілігі өтті. Тартысты өткен жарысқа мектеп оқушыларымен қатар зейнеткерлер қатысты. Жас шахматшылар Үміт Мырзабеков пен Денис Петровтың ойындары көпшіліктің көңілінен шықты. Ал, сексеннің сеңгірінен асқан зейнеткерлер Бүткей Байболат пен Төлеубек Жүсіпбеков жарысқа қатысушылардың алды болып, үздік ойын көрсетті. Үлкендер арасында Александар Кондратьев пен Бүткей Байболат жеңімпаздар қатарынан көрінді. Жастар арасында 1-орынды Үміт Мырзабеков, 2-орынды Денис Петров, 3-орынды Жансейіт Санжар қанжығалады. Аудандық мәдениет үйінен шахмат клубы деп




арнайы кабинет берілгелі шахмат спорты ауданымызда алға басып келеді. Соңғы екі жылда облыстық «Ақ бидай» жазғы спартакиадасында үздіктер қатарынан көрінді. Адамның ойлау қабілетін дамытып, тез шешім қабылдауға үйрететін шахмат ойынының келешегі жарқын.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

Мемлекеттік тілді білу - парыз

«Тіл үйрену үшін қажеттілік, не мәжбүрлік емес, шынайы қызығушылықтың болуы маңызды»-деп ұлы ойшылдарымыз айтқандай егер қазақ тілін, ана тілімізді үйренуге деген қызығушылығыңыз болса болда барлық жағдай, мүмкіндік жасалған.

Тіпті үден шықпай-ақ сіз қазақ тілін емін-еркін үйрене аласыз. Ол үшін «Tilqural.kz» - қазақ тілін кезең кезеңмен оқуға арналған веб-сервисі жұмыс істейді. Онда ересектерге қазақ тілін А1, А2, В1, В2, С1 деңгейлерінде үйренуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Tilalemi.kz», «Tilmedia.kz», «Balatili.kz», «Emle.kz», «Termincom.kz», «Sozdikqor.kz», «Qazlatyn.kz» және басқа көптеген сайттар тіл үйренуге үлкен мүмкіндіктер жасайды.



Сондай-ақ тіл үйренуде ең басты еске саларымыз – мақсат қою. Мемлекеттік тілді үйренуді өзіне мақсат қылып қойған адам оңай, әрі тез меңгереді. Ал, мақсатсыз басталған істің көп жағында нәтижесіз аяқталып жататыны бар. Тілді не үшін үйренеміз? Оған қанша уақыт бөле аламын? Бұл тілдің қандай маңыздылығы бар? Осындай сұрақтарға жауап іздеп барып жауапты жұмысқа кіріскен абзал.

«Тілдерді оқыту орталығы» КММ.

Тіл – ұлттық байлықтың өлшемі

Тіл – бұл халықтың болмысы мен рухын сақтайтын ұлы құндылықтардың бірі. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдениеті мен тарихының тасымалдаушысы болып табылады. Тіл арқылы адамзат арасында асыл байланыс жүреді: ұрпақтан ұрпаққа ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптар, ұлттық мінез бен менталитет беріледі. Сондықтан да, тілдің мәртебесін көтеру, оны дамыту және қорғау еліміздің әрбір азаматының міндеті.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі және ұлтты біріктіретін маңызды құрал. Бүгінде қазақ тілін меңгеру, оны кеңінен қолдану қоғамдағы бірлікті нығайтып, мәдениетімізді әлемге танытуда маңызды рөл атқарады.

Тілдің маңыздылығы қай кезде де басты орында болды, сондықтан да оны сақтау, дамыту және жаңғырту басты міндеттер болып қала береді. Қазақ тілінің болашағы біздің қолымызда. Оны қастерлеу – тек жеке тұлғалық дамудың ғана емес, бүкіл ұлттың ұлылығын сақтау жолы. Қазіргі кезде көптеген жастар қазақ тілін үйренуге ынталанып, өз тілінде еркін сөйлеп, жазып жүр. Осылайша, әрбір қазақ тілін үйренген адам өз үлесін қосып, елінің болашағына оң ықпал ете алады.

Қазақ тілін үйрену – бұл өз тіліңе деген құрмет, бұл ұлттың тағдырын өз қолыңда ұстау. Біз қазақ тілін тек қана күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, оны мәдениеттің, ұлттық бірліктің символы ретінде қабылдай отырып, өз болашағымызды қалыптастырамыз. Сондықтан әрбір қазақ тілін үйренген адамның жүрегінде ұлттық рухтың жаршысы, мәдениетіміздің қорғаушысы болары анық.

Әр адам өз ана тілін білуі тиіс, ал қазақ тілін үйрену – ұлттық болмысты тереңірек түсіну мен қадірлеудің белгісі. Қазақ тілінің дамуы мен гүлденуі – тек білім саласының ғана емес, қоғам өмірінің әр қырына әсер ететін маңызды үдеріс. Сондықтан тілдің құндылығы мен оның рөлі күнделікті өмірде де айқын көрініс табуы керек.

Осы орайда ауданымыздың «Тілдерді оқыту орталығы» жаңа жыл қарсаңында қазақ тілі курстарына тіркеуді бастады! Қазақ тілін үйрену – өз мәдениетімізді, тарихымызды тереңірек түсіну мен ұлтымызға деген құрметімізді білдірудің маңызды жолы. Егер сіз қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытсаңыз, біздің тегін курстарға жазылып, тіл меңгеру сапарыңызды бастауға мүмкіндік аласыз. Курстар барлық деңгейлер үшін ұйымдастырылған, соның ішінде бастауыш, орта және жоғары деңгейдегі топтар бар.

Қазақ тілін үйрену – бұл тек тілдік дағдыларды дамыту ғана емес, сонымен қатар еліміздің мәдениетіне, дәстүрлеріне және тарихына тереңірек бойлау мүмкіндігі. Курс барысында қазақ тілінің грамматикасы, сөздік қоры, дұрыс сөйлеу дағдылары мен жазу мәдениеті үйретіледі. Сонымен қатар орталығымызда қызықты әрі пайдалы іс-шаралар да өткізіліп тұрады.

Тіркеу процесі өте қарапайым. Курстарға тіркелу үшін біздің орталыққа келіп, қажетті мәліметтерді қалдыруыңыз жеткілікті. Әрбір қатысушыға жеке оқыту бағдарламасы жасалып, топтар арнайы деңгейлер бойынша құрылатын болады. Тіл білудің адамға беретін пайдасы зор: ол жаңа мүмкіндіктер мен білім алуға, жұмыс табуға және қоғамдағы өз орнын табуға мүмкіндік береді. Орталығымызда мемлекеттік тілден бөлек ағылшын тілін үйрену мүмкіндігі де бар.

Қазақ тілін меңгеру – еліміздің әрбір азаматының тұлғалық дамуына үлкен әсер ететін маңызды қадам. Сондықтан өз тілінде еркін сөйлеп, жазып, ой-санасын ашып, еліміздің болашағына үлес қосқыңыз келсе, біздің курстарға қатысуға шақырамыз!

Тіркеу орны мен уақыттары туралы толық ақпаратты орталықтың байланыс нөмірі мен ресми әлеуметтік желілерінен таба аласыз.

А. ӘСЕЛ, «Тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Каждая сфера требует огромной ответственности

В зале заседаний районного акимата, под председательством акима района Ардака Смаилова, состоялось заседание акимата. Первым был рассмотрен вопрос содержания автомобильных дорог в зимний период в районе. Информацию по данному вопросу представил руководитель отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Асылбек Есимов. Как отметил руководитель отдела, работа по зимнему содержанию дорог проводится согласно планам и на основании договора с подрядной организацией. Средства из бюджета выделены, подрядная организация обеспечена техникой. Глава района, обсуждая доклад, акцентировал внимание участников заседания на актуальность вопроса зимнего содержания дорог. Важно, как отметил глава района, чтобы все работы проводились своевременно, а главное, качественно. Не нужно доводить до критики населения, а сразу проводить соответствующие работы по расчистке дорог. Еще важно обратить внимание на граждан, которые игнорируют оповещения служб чрезвычайных ситуаций, выходят в путь и зачастую оста-

ются в плену стихии. На спасение людей, которые выехали в непогоду, несмотря на оповещающие сообщения, мобилизуются силы и средства, что усложняет работу специальных служб. Поэтому важно проводить разъяснительную работу, убеждать людей воздержаться от поездок, которые можно отложить. На заседании акимам сельских округов и города Макинска было поручено оперативно предоставлять информацию по сбору и вывозу снега в курируемый государственный отдел; принимать меры по организации своевременной очистки от снега дорог и подъездных путей к населенным пунктам, а также объектам жизнеобеспечения, социального назначения, жилым домам и источникам водоснабжения; привести в готовность пункты обогрева для оказания помощи пострадавшим при снежных заносах и в сложных метеоусловиях, обеспечить их запасами продовольствия, медикаментами, горюче-смазочными материалами; создать необходимый запас горюче-смазочных и инертных материалов с определением их мест складирования; обеспечить готовность объектов здравоохранения к оказанию своевременной

экстренной медицинской помощи населению, в том числе проверить укомплектованность лекарственными средствами и изделиями медицинского назначения, создать дополнительные койко-мест; Отделу по чрезвычайным ситуациям района, акимам сельских округов и г. Макинска в целях обеспечения безопасности и информирования населения в зимний период, организовать через социальные сети оповещение населения о штормовых предупреждениях, бурнах, снегопадах и других чрезвычайных ситуациях.

Далее, согласно повестке дня, были рассмотрены итоги проведения месячника социальной поддержки пожилых людей и лиц с инвалидностью в районе, которые озвучила заместитель руководителя отдела занятости и социальных программ Лариса Гейнс. Акимам сельских округов и города Макинска, руководителям государственных учреждений, организаций всех форм собственности продолжить работу по поддержке социально-уязвимых слоев населения.

Также перед активом района в этот день был рассмотрен не менее актуальный вопрос - о подготовке к предстоящей



посевной кампании 2025 года. О проводимой работе в данном направлении информировал руководитель отдела предпринимательства и сельского хозяйства Азамат Кабдулов. Как отметил Ардак Дулатович, говорить о посевной уже не рано, ведь наука о земле требует тщательного и системного подхода. Чтобы взрастить качественный урожай, необходимы глубокие знания, хорошие практические навыки, анализ и внедрение новых технологий. Нужна объемная работа, которая должна проводиться задолго до самих агротехнических работ. В аграрном деле нет

такого понятия, как отдых, это постоянно движущийся механизм, который цикл за циклом, набирает ход. Одна работа завершается, начинается подготовка к следующей. Акимам сельских округов было поручено провести разъяснительную работу с крестьянскими хозяйствами о подаче заявок на формирование объемов удешевленного дизтоплива на весенне-полевых и осенне-полевых работ 2025 года на портале gosagro.kz. Также большое внимание должно быть уделено вопросу заготовки семян.

А. АМАНЖОЛОВА.

Жетістіктер – нәтиже, міндеттер – алдағы мақсат

жалғасы. Басы 1 бетте.

Салтанатты іс-шара ұрпақтар сабақтастығының және туған жерінің игілігі үшін еңбек ететіндердің

барлығының үлесінің маңыздылығының символына айналды. ҚР мәслихаттарына 30 жыл - бұл жетістіктер ғана емес,

болашақ үшін сенімді негіз.

Аудандық мәслихаттың ақпараты бойынша.

Достижения – результат, задачи – предстоящие цели

В честь знаменательной даты - 30-летия образования маслихатов Республики Казахстан - районный маслихат организовал яркое и торжественное мероприятие, которое собрало большое количество почетных гостей. В этом событии приняли участие депутаты всех созывов, ветераны и пенсионеры маслихатов, представители местных исполнительных органов, а также депутаты областного маслихата.

3 октября 2024 года Глава государства, выступая на II республиканском форуме депутатов маслихатов всех уровней, отметил роль маслихатов как важной ветви государственной власти. Он напомнил, что по итогам референдума в 2022 году были внесены поправки в Конституцию. Значительно усилена роль Парламента, приняты конкретные меры по совершенствованию деятельности всех ветвей власти, в том числе местных представительных органов. Далее Президент обозначил ряд задач, которые позволят депутатам исполнять функции представительной власти на должном уровне и в соответствии с чаяниями народа. В частности, он указал на необходимость планомерного повышения уровня компетенций депутатов маслихатов.

Торжественную часть мероприятия открыл председатель районного маслихата Нурбек Сексенов, который в своем выступлении отметил важность этой даты для всей страны и подчеркнул значимость работы маслихатов на местном уровне в решении актуальных вопросов граждан. С приветственным словом на торжественном мероприятии выступила заместитель

акима района Кенжебике Исмагамбетова, которая отметила плодотворное сотрудничество всех депутатов, местных органов власти и населения.

Мероприятие сопровождалось насыщенной культурной программой. Гости наслаждались яркими танцевальными номерами и красивыми песнями, исполненными как профессиональными артистами, так и местными талантами. Вдохновленные атмосферой праздника, участники могли насладиться не только искусством, но и общением с коллегами, ветеранами и друзьями.

Важной частью мероприятия стало награждение. В честь юбилея депутаты всех созывов, ветераны маслихата и сотрудники аппарата маслихата получили памятные медали.

Кроме того, руководители различных структур района были награждены благодарственными письмами председателя маслихата за активное участие в жизни региона и поддержку в реализации инициатив местных властей.

Торжественное меро-

приятие стало символом преемственности поколений и важности вклада всех, кто трудится на благо своей родной земли. 30 лет маслихатам РК - это не только достижения, но и надежная основа для будущих свершений.

По материалам районного маслихата.



Ветерана труда, члена Совета аксакалов района Якуба Курейшевича Кусиева поздравляем с днем рождения!

Примите самые сердечные поздравления с днём Вашего рождения! Выражаем искреннюю благодарность и признательность за Вашу активную общественную деятельность! Желаем Вам доброго здоровья и многих лет активной жизни! Благополучия и счастья Вам и Вашей семье!

С уважением, Совет аксакалов Буландынского района и председатель Совета Ш. Кусаинов.



Отан үшін

Отан үшін, ел үшін,
Туып өскен жер үшін,
Келер ұрпақ қамы үшін,
Қарсы тұрып қасқайып,
Өлімнен жігіт қорықпас.

Араласып елменен,
Алып беріп көрмеген,
Жолдас болған дүниемен,
Сараңнан көмек дәметпеге,
Қайыр қылып мандытпас.

Ел тарихын білмеген,
Кітапқа көңіл бөлмеген,
Кеңеспейтін өзгемен,
Көкірегі қараңғы,
Топас адам сөз ұқпас.

Адал еңбек

Адамды адам еткен адал еңбек,
Ерінбей еңбек етіп тереңді төк.
Талпынып талаптанып жұмыс қылсаң,
Іздегенің қолыңа өзі-ақ келмек.

Еңбекшіл болса халық ел көркеймек,
Отан да еңбекпенен өркендемек.
Оқы оқып білім ал еңбек істе,
Маңдай тер адал еңбек бәрін жеңбек.

Адамнан сұрағанның көзі шығар,
Алған қарыз иесінің қанын сығар.
Құлшынып білек түріп еңбек етсең,
Тапшылықтан кедейліктен сол құтқарар.

Жасында талмай тынбай еңбек еткен,
Қартайғанда зейнетін көреді екен.
Жасында жаны аяулы жалқау адам,
Бұл өмірде бықсып жүріп өледі екен.

Денің сау бойда қуат тұрғанында,
Жалқау болып қатарыңнан кейін қалма.
Талаптанып еңбек ет, өнер үйрен,
Талаптыға нұр жауады деген қайда.

Қара күштің иесі бірді жығар,
Білімді біліктілер мыңды жығар.
Биік болмас білімдіге бағынбайтын,
Ерінбесең қарның тойып бүйірің шығар.

Балалар ерте бастан ойланыңдар,
Аттарыңа заттарың сай болыңдар.
Ширақылық маңызды азаматқа,
Ашушаң, салғырт, салақ болмаңыздар.

Н. ТҰҒЫШХАНҰЛЫ, зейнеткер.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Тәрбиеші – асыл тәрбиенің тірегі

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі ортақ - заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір тәрбиеші алға қойған мақсат-міндеті мен педагогикалық ұстанымы болуы абзал. Жүрек қалауы мен таңдаған жұмысына жауапкершілікпен қарау деген ұстанымдарын алға тартқан ауданымыздың тәрбиешілерінің бірі – «Балдырған» бөбекжайының тәрбиешісі Жанат Көпжанқызы Тулегенова.

Жанат Көпжанқызы - Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тумасы. Алғашқыда Мұстафа Шоқай атындағы Экология университетінде оқып, «Эколог-инженер» мамандығын игерген еді, бірақ тағдырдың жазуымен Бұланды жеріне қоныс аударып, кейінгі еңбек жолын экология саласымен емес, бала тәрбиелеу саласымен байланыстырды. Жастайынан балаға жақын бола білген тәрбиеші балалардың жадыраған жүздерін, олардың алғашқы жетістіктерін көргенде қазіргі мамандығын бекер таңдамағанына көзі жетеді. Көкшетау қаласындағы А. Мырзахметов атындағы университетін мектепке дейінгі білім беру мамандығы бойынша аяқтаған Жанат Көпжанқызы «Балдырған» бөбекжайында 10 жылдан астам уақыт жұмыс жасайды. Осы уақыт ішінде ол әріптестерінің құрметіне ие болып, жылдар өткен сайын өзінің кәсібилігін арттырып келеді.

Тәрбиеші әрбір өткізген сабағын баланың ақыл-ой парасатын

дамытуға бағыттап, жас ерекшелігіне сай құрып, баланың ынта-жігері нарттыру үшін біраз еңбектенеді. Өзінің еңбек жолында әрдайым балалардың тілін, ой-өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында түрлі әдістер қолданады. Біліктілікті жақсарту үшін әріптестерімен бірге түрлі шеберлік-сабақтарға, арнайы семинарларға қатысып, білімін жетілдіріп келеді. Себебі, оқыту-тәрбиелеу бағдарламасы заман ағымына сай өзгеріп, дамып келеді, сондықтан, оқытудағы құралдар мен көзқарас да заманауи тұрғыда болуы тиіс.

Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Баланың жан-жақты дамуына бағытталған, үйлесімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесі.

Ол білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының барлық аспектілерін қамтиды және оқу-тәрбие үдерісіндегі барлық қатысушылардың күш-жігерін біріктіруге бағытталған.

Жанат Көпжанқызы Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес тәрбиені ұлттық нақышта жүзеге асырады. Яғни, жас баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, санасына еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті қондырып, нағыз елінің патриоты болып өсуіне үлесін тигізеді. Тәрбиеші бағдарламасына сәйкес балалармен жиі ұлттық ойындар өткізіп, қазақтың салт-дәстүрлері, аңыз-ертегілері жайында көптеген қызықты мағлұматтармен бөліседі. Қазақтың көздің жауын алатын ұлттық ою-өнері балаларға кішкентайынан жақын болсын деп, оқу кабинетін ерекше ынтамен ұлттық нақышта көркейтіп қойған. Бұл жерде киіз үйдің барлық элементтері де, сандық, ұлттық ыдыс, әшекей бұйымдар, көрпешелер бар. Балалар нағыз қазақтың мәдениеті

мен тарихымен таныс болсын деп, ұлттық ойындар мен қызықты сайыстар өткізіледі. Ашық сабақтарда балалар ұлттық киім киіп, әр сабақтың сәнін кіргізеді. Ең бастысы – өскелең ұрпақтың қызығушылығын арттырып, қазақи тұрғыда тәрбие беру.

Балабақшадағы әрбір ісін еліміздің ертеңі, болашағы үшін арнаған тәрбиеші Жанат Көпжанқызы өзінің басты парызы деп санайды. Және де бойындағы жігерін, күш-қуатын, жаңашылдығын талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауға әрқашан дайын. Болашақта өз тәрбиеленушілерін биік белестерден көріп жатса, үлкен іске аз да болса тигізген үлесім деп қабылдап, өзін бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жан екенін сезінеді.

Балабақшадағы тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы. Ал тәрбиеші мамандығы - жігерлік пен еңбекқорлықты қажет ететін,



қиындығы мен қызығы мол мамандық. Балаларға бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие беріп, отбасынан кейінгі екінші анасына айналған тәрбиеші Жанат Тулегеноваға кішкентай балапандардың жан-жақты дамуына, өскелең ұрпақ тәрбиелеуде, ерелі жұмысы мен өлшеусіз еңбегі үшін алғыс білдіреміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, отбасыңызға бақыт тілейміз.

А. АМАНЖОЛОВА.



Ғасырдан ғасырға жеткен құдіретті өнер

Айтыс - ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы жыр жарысы, халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі.

Айтыстың бірнеше түрі болады. Бәдік айтыс, жануарлар айтысы, түре айтыс, сүре айтыс, жұмбақ айтыс, қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы. Мысалы, бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып-жастық көңіл күйі мен өнер сынасу жатады. Сонымен қатар айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын қазақ поэзиясының төрінен орын алады. Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады. Тарихта қазақ ақындарының көпшілігі осы айтыс өлеңдерінде тәрбиеленіп өсті, яғни айтыс-ақындық тәрбие мектебі. Ауданымызда осы айтыс өнері біршама

жақсы дамыған, олай дейтініміз ақындық өнерге бейім жас жеткіншектерді осынау өнерге баулып жүрген аудандық Тілдерді оқыту орталығының директоры, «Bulandy Aqparat» аудандық газетінің жауапты хатшысы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жайнарбек Зандыбай, Қараөзек ауылындағы «Жас қанат» ақындар үйірмесінің жетекшісі, айтыс ақыны Елеш Хабылханұлының жас таланттарды тәрбиелеп әдеби орта қалыптастырғанын атап өткен ләзім. Осындай жас талант ақындар мектебінің тәрбиеленушілері облыстық, республикалық айтыстарға қатысып жасындай жарқылдап биіктерден көрініп жүлделі орындар алып жүр. Соның бір айғағы өткен аптада Солтүстік Қазақстан Облысының орталығы Петропавл қаласында Ерік Асқаров атындағы облыстық ақындар мектебінің бес жылдығына арналған «Толыққаннан толқын туады» атты аймақтық оқушылар айтысында Қараөзек ауылындағы Жас қанат ақындар үйірмесінің мүшесі Нұрғиса Елешұлы жүлделі үшінші орынды иеленді. Ақтық сайыста Петропавлдық Аманжол Бейбарыспен айтысы достық әзілмен жарасымын тауып жалғасты. Өз кезегінде Бейбарыс:

Нұрғиса аға балпаң басқан балуандайсың,
Негізі диетаны қолданбайсың.
Әкеңіз онша толық емес еді,
Байқасам күннен күнге толғандайсың.
Әкеңіздің тапқанын отбасында,
Бір өзің опырып жеп алғандайсың.
Біздерді жолықтырған жеребе екен,
Бауырыңа ойыңыз неге бөтен.
Балуан Шолақ елінен келгеннен соң,
Күші мен денесіне сене ме екен? - дегеніне Нұрғиса:
Сөздің арты қуа берсең дау болады,
Жазық жерде дөңесте тау болады.
Бұландының елінен келгеннен соң,
Біздің елдің балалары дәу болады - деп ұтымды жауап қайырды. Жалпы өнер жолында болашағынан зор үміт күттіретін Нұрғиса талай рет аламанд топ жарып облыстық, республикалық айтыстарда жүлдегер болғанын өнерсүйер қауым жақсы біледі, сондықтан да жас ақынның алар биігі алда екеніне күмән жоқ.

А. БЕЙСЕКЕЕВ.



Денешынықтыру пәніне ұлттық ойындар енгізілуі мүмкін

Астанада ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен ЮНЕСКО қорғауындағы Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын қорғау бойынша кешенді шараларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының екінші отырысы өтті, деп хабарлайды Egemen.kz.

Министр Аида Балаева отырыс барысында әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі Конвенцияның ережелерін орындау үшін барлық мүдделі тараптардың жүйелі және үйлесімді жұмыс істеу қажеттігіне ерекше тоқталды.

Жұмыс тобының отырысында Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау және насихаттау бойынша үш кіші жұмыс тобының жоспарлары таныстырылды:

Материалдық емес мәдени мұра бойынша кіші жұмыс тобының басты міндеті – музейлер, қорықтар, кітапханалар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сондай-ақ жоғары оқу орындарына пәнаралық білім беру бағдарламаларын енгізу. Бұл Қазақстанда дәстүрлі қолөнер, нумизматика, бонистика, ұлттық ойындар, сәндік-қолданбалы бұйымдарды қалпына келтіру бойынша дипломды мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мектептегі «Дене шынықтыру» пәніне қазақтың дәстүрлі ойындарын енгізу мәселесі қарастырылуда.

Кіші топтың жоспарында материалдық емес мәдени мұраны инвентаризациялау, қазақтың киіз үйін, кілем тоқу технологиясын құжаттандыру бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бар.

Үш жұмыс кіші тобы ұсынған жоспарлар Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау және дамыту бойынша шараларды қамтиды. Бұл жоспарларды Мәдениет және ақпарат министрінің жүзеге асырады. Аталған шаралар Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау және дамыту ісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.



БІЛІМ - ӨМІР ШЫРАҒЫ – ЗНАНИЯ - ЭТО СВЕТ

Жанкабыл Шакубаев – Республикалық олимпиаданың жеңімпазы!

Республиканың ауылдық жерлеріндегі мектептерде оқушылардың дарындылығын қолдауға оңтайлы жағдай

жасау, оқуға қабілетті оқушыларды іріктеу, олардың одан әрі интеллектуалдық дамуы мен кәсіби бағдар беру. Ауыл мектептеріндегі оқушыларға арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада осы мақсаттарға бағытталған.

Ауыл мектептеріне арналған олимпиада еліміздің шалғай аудандарындағы дарынды және талантты балалардың қабілеттерін анықтауға және нығайтуға бағытталған және оның шет аймақтарда білім алатын балаларға үлкен мотивация беретіні қуантады.

Партизанка жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Жанкабыл Шакубаев «География» пәні бойынша ауыл мектептері оқушыларының пәндік олимпиадасының республикалық кезеңінде үздік нәтиже көрсетті. Сапалы білімін көрсеткен Жанкабыл жеңімпаздар қатарынан көрініп, олимпиада қорытындысы бойынша 2-дәрежелі Дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Білім бөлімі дарынды оқушыны жоғары марапатымен құттықтап, одан әрі табыс тіледі. Балаларды пәндік олимпиадаға дайындау, дарынды оқушылармен және мұғалімдермен жұмысты аудандық білім бөлімінің әдіскері Светлана Артемьева жүзеге асырады. Мектеп және аудан абыройы үшін үлкен жауапкершілік жүктелген әрбір оқушыны Светлана Александровна барынша қолдап, жетістікке жетуге ынталандырады. Өз кезегінде жеңімпазды дайындап, облыстың білім саласының дамуына үлес қосып жүрген мектеп әкімшілігіне және Партизанка жалпы білім беретін мектебінің география пәнінің мұғалімі Инна Владимировна Шакубаеваға аудандық білім бөлімі атынан алғыс айтылды.



Жанкабыл Шакубаев - призер Республиканской олимпиады!

Создание оптимальных условий для поддержки талантов учащихся школ сельской местности страны, отбор наиболее академически способных учащихся, их дальнейшее интеллектуальное развитие и профессиональная ориентация. На эти цели ориентирована республиканская олимпиада по общеобразовательным предметам для учащихся сельских школ.

Олимпиада для сельских школ направлена на выявление и укрепление способностей одаренных и талантливых детей из отдаленных населенных страны и отдално, что она дает огромную мотивацию для детей, получающих знания в периферии.

Отличный результат на Республиканском этапе предметной олимпиады для школьников из сельских школ показал учащийся Партизанской общеобразовательной школы Жанкабыл Шакубаев по предмету «География». Проявив стривированные качественные знания, Жанкабыл вошел в число призеров и по результатам олимпиады награжден Дипломом II степени и ценным подарком.

